

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Инновациялық идеяларды жүзеге асырушы интеллектуалды көшбасшыларды даярлау

### 1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

<b>Білім беру бағдарламасының түрі</b>	ағымдағы
<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	7M05302-Химия
<b>Білім беру саласы</b>	7M053 Физика және химия ғылымдары
<b>Даярлау бағыты</b>	7M05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика
<b>Білім беру бағдарламасының тобы</b>	M089 Химия
<b>Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы</b>	Білім беру бағдарламасы 7M05302-Химия мамандарды даярлау бағыты бойынша (7M05302-Химия) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті «27» қыркүйек 2019 ж. берген № KZ04LAA00017104 лицензия негізінде іске асырылады.
<b>БББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні</b>	N7M05300047, 17.08.2023
<b>ҰБТ пәндері</b>	Химия
<b>ҰБШ бойынша деңгейі</b>	Магистратура , деңгей 7
<b>Берілетін дәреже</b>	«7M05302 Химия» білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі
<b>Білім беру бағдарламасын аккредиттеу</b>	АРТА, от 04.04.2020 жылғы №1 куәлік
<b>Білім беру бағдарламасының рейтингі</b>	АРТА – 4 орын /2016, 2017, 2018, 2019.
<b>Жалпы академиялық кредит саны</b>	120
<b>Оқу мерзімі</b>	2 жыл

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

#### **Бағдары:**

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

#### **Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

#### **Бағдарламалық мақсаты:**

Химия саласы бойынша теориялық білімі бар, кәсіби педагогикалық, ғылыми-зерттеушілік және басқарушылық қызметке қабілетті жаратылыстану ғылымының магистрлерін даярлау

### **Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

### **Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

### **1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

«7M05302 Химия» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлерді даярлау бағдарламасы Дублиндік дескрипторлар негізінде қалыптастырылған және жалпы, әдістемелік және материалдық оқытудың құзыреттілігі арқылы анықталған оқыту нәтижелері бойынша анықталады. Оқыту үдерісі магистранттардың өзіндік дамуынан көрінетін кәсіби құзыреттіліктері мен олардың ғылыми-педагогикалық, нақты-ғылыми және әдіснамалық дүниетанымдарын дамытуға, жеке тұлғаның ішкі мүмкіндіктерін ашуға, кәсіпкерлік дағдыларды, көшбасшылық сапаларды дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы осы саладағы оқытудың заманауи отандық және әлемдік тәжірибелерін, авторлық және ұжымдық ғылыми жетістіктерді, мамандандыру саласындағы оқу-әдістемелік әзірлемелерді, жұмыс берушілердің талаптарын және еңбек нарығының сұранысын ескере отырып әзірленді.

Академиялық ұтқырлық	Нийде Халисдемир университеті (Турция мемлекеті, Нийде қаласы)
----------------------	---

### **Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

*Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының БББ-мен сәйкестігі.*

Казан федеральды университеті - 75 %

Санкт-Петербург мемлекеттік университет - 75 %

### **1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ**

- химия оқытушысы, орта, кәсіптік және жоғары оқу орындарында ассистент;
- кіші ғылыми қызметкер, 1, 2, 3 дәрежелі инженер, маман;
- ғылыми-зерттеу орталықтары;
- жобалау және ғылыми-өндірістік ұжымдар;
- басқару органдары;
- түрлі деңгейдегі білім беру мекемелері

### **1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ**

«7M05302 Химия» білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану ғылымдары магистрінің кәсіби іс-әрекет салалары:

- химия оқытушысы, орта, кәсіптік және жоғары оқу орындарында ассистент;

- кіші ғылыми қызметкер, 1, 2, 3 дәрежелі инженер, маман;
- ғылыми-зерттеу орталықтары;

### 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН1 Қазіргі ғылым философиясының өзекті мәселелерін, ауызша қарым-қатынастың кәсіби негіздерін (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу) және іскерлік хат алмасу дағдыларын (жазу, электрондық пошта және басқалары) анықтайды.

ОН2 Педагогика мен психология ғылымының әдіснамалық негіздеріне, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің мәні мен мазмұнына ие.

ОН3 Нақты зерттеулік және қолданбалы міндеттерді шешу үшін органикалық синтез, элементарлық және спектрлік анализ, хроматографиялық масс-спектрометрия саласындағы заманауи құрал-жабдық базасын қолдана білу дағдыларына ие.

ОН4 Жаһандық экологиялық және экономикалық проблемалар мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы пайымдарды жан-жақты талдап, қалыптастыруға қабілетті.

ОН5 Коммуникациялық технологияларды, ғылыми риторикалық дағдыларды, коммуникациялық стратегияларды біледі.

ОН6 Іргелі химиялық ұғымдар жүйесі мен химияның әдіснамалық аспектілері және олардың химиктерді даярлаудағы кәсіби жалпы білім беру рөлі туралы түсініктері бар.

ОН7 Зерттеу және сандық дағдыларға ие.

ОН8 Қолданыстағы білім аясын кеңейтетін зерттеулер жүргізеді.

#### БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8
ТА1	+	+	+				+	+
ТА 2		+		+				
ТА 3			+		+	+	+	+
ТА 4	+		+		+		+	
ТА 5				+		+		
ТА 6		+		+				

### 1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

- 1) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.